ӘОЖ 657 (045)

САУДА ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТАУАР ҚОРЫНЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ТҮГЕНДЕУІ

Бекжанова Т.К., Аманиязова Р.К.

В данной статье рассматриваются особенности организации аналитического учета товаров в сфере торговли. Особое место занимает методика проведения инвентаризация товаров в торговле.

This article discusses the features of organization of the analytical accounting of goods in commerce. Occupies a special place methodology for conducting an inventory of goods in trade.

Көтерме сауда – тауарды және қызметті сатып алып, оны қайтара сатушыларға немесе кәсіпшілікке пайдаланушыларға сату әрекеті. Бұл тауарда біздер «көтерме саудашы» және «көтерме сауда» терминдерін сауданың бұл түрлі оның жұмыстарының негізгі болатын фирмаларына сәйкес пайдаланамыз.

Көтерме саудашылар бөлшек саудашылардан бірқатар сипаттамаларымен айрықшаланады. Біріншіден, көтермеші ынталандыруға, өз кәсіпорнының атмосферасына және орналасуына аз көңіл бөледі, өйткені ол соңғы тұтынушылармен емес, кәсіпкер клиенттермен жұмыс атқарады. Екіншіден, көтерме сауда келісімдер әдетті жағдайда бөлшек саудадан көлемдірек келеді, ал көтермешінің сауда зонасы бөлшек саудашыға қарағанда үлкенірек болады. Үшіншіден, үкімет, заң жинақтары және салық жағынан көтермешілермен бөлшек саудашыларға әртүрлі көзқараспен қарайды.

Жалпы көтерме саудашылар не үшін керек? Өндірушілер оларды аттап өтіп тауарларын тікелей бөлшек саудашыларға немесе соңғы тұтынушыларға сатуы мүмкін ғой. Бұған жауап көтермешілер сауда процесінің тиімділігін қамтамасыз етеді. Біріншіден, қаржысы шектеулі сауда өндірушінің тікелей маркетингі болдыруға және ұстауға мүмкіншілігі жоқ. Екіншіден, өндірушінің қаражаты болған күнде де, ол қаржыны көтерме сауданы өркендетуден гөрі өндірісті өркендетуге жұмсағанды қалайды. Үшіншіден, көтермешілердің операцияларының көлемдігі нәтижесінде оның тиімділігін жоғарылығында, бөлшек сауда өрісінде іскерлік байланыстың көптілігінде және олардың мамандық білімдері мен іскерлігінде. Төртіншіден, бөлшек саудашылар тауардың кең ассортиментімен айналысатын болғандықтан, көпшілік жағдайда оларды әртүрлі өндірушілерден бөлек-бөлек сатып алғаннан гөрі олардың жинағын бір көтермешіден алғанды дұрыс санайды.

Сонымен, бөлшек саудашылардың да, өндірушілердің де көтермешілердің де қызметтерін пайдалануға толық негізі бар. Көтермешілердің көмегімен бір немесе мынадай бірнеше функцияларды тиімді шешу мүмкіншілігі болған жағдайда оларды пайдаланады:

1.Өткізу және оны ынталандыру. Көтермешілердің сауда қызметкерлері өндірушіге көптеген майда клиенттерді аз шығынмен қамтуға көмектеседі. Көтермешінің іскерлік байланысты көбірек және сатып алушы алыстағы кейбір өндірушіден гөрі оған көбірек сенеді.

2.Тауар ассортиментін сатып алу және құрастыру. Көтермешінің бұйымдарды таңдап алып және оларда қажетті тауар ассортиментін

құрастыруға мүмкіншілігі болғандықтан, ол клиенттерді көптеген әурешіліктерден босатады.

3.Тауардың ірі партияларын майда партияларға бөлу. Көтермешілер клиент қаражатын үнемдеуге тауарларды вагондап сатып алып, оларды майда партияларға бөліп клиенттер қаражатын үнемдеуге көмектеседі.

4.Жинақтау-сақтау. Көтермешілер тауар қорларын сақтау жабдықтаушылардың және тұтынушылардың қажетті шығындарын азайтады.

5.Тасымалдау. Көтермешілер өндірушілерден гөрі клиенттерге жақынырақ болғандықтан тауарды оперативті түрде жеткізуді қамтамасыз етеді.

6.Қаржылау. Көтермешілер несие беру арқылы өз клиенттерін қаржылайды. Оған қоса тапсырыстарды алдын ала беру және шоттарды уақытында төлеу арқылы жабдықтаушыларды да қаржылайды.

7. Қауіпті қабылдау. Тауарды өз меншігіне қабылдау нәтижесінде оның ұрлану, бұзылу және шіру шығындарын және көнеру қауіптіліктерін көтермеші өз мойнына алады.

8.Нарық туралы ақпарат беру. Көтермешілер өз жабдықтаушыларына және клиенттеріне бәсекелестері, жаңа тауарлар, баға динамикасы т.б. туралы ақпарат береді.

9.Басқару қызметтері және кеңес беру қызметтері. Көтермеші бөлшек саудашылардың сатушыларын үйрету арқылы олардың жұмысын жетілдіруге, дүкенді жобалауға және экспозиция дайындауға қатысу арқылы және бухгалтерлік есептеу жүйесін ұйымдастыруға, қорларды басқаруға көмектеседі.
Соңғы кездерде көтерме сауданың өсуіне экономикадағы бірнеше маңызды тенденциялар ықпалын тигізді: 1)ірі кәсіпорындарда дайын өнімдері пайдаланушылардан қашықтаған жалпылама өндірістің өсуі; 2) өндіріс көлемінің тек қана келіп түскен нақтылы тапсырытарды орындау қажеттілігінен артық өсуі; 3) арадағы өндірушілер және пайдаланушылар сан деңгейін көбейуі және 4) тауарды орауыш және түрлілігі көз қарасы бойынша аралықтағы және соңғы тұтынушылардың мұқтаждығына икемдестіру қажеттілігінің шиеленісуі.

Көтерме саудашыларды топтастыру. Көтермеші-көпестер. Көтермеші-көпестер – бұлар өздері айналысатын тауарларға меншіктік құқын иеленетін тәуелсіз коммерциялық кәсіпорындар. Әртүрлі жұмыс өрістерінде оларды әртүрлі атайды. Бұл көтерме саудашылардың үлесіне жалпы көтерме саудасының шамамен 50% келетін (тауар айналымы көлемі бойынша да кәсіпорындар саны бойынша да) ең үлкен тобы. Көтермеші-көпестердің екі тобы бар: толық қызмет жасау, шектелген қызмет жасау.

Толық цикл қызмет жасау көтермешілері. Толық цикл қызметін жасайтын көтермеші тауар қорларын сақтау, сатушыларға беру, несиелеу, тауарды жеткізіп беру және басқару саласында көмек көрсету сияқты қызметтер көрсетеді. Өз сипаттамасы бойынша бұлар не көтерме сатушылар, не өндірісте пайдалануға арналған тауар дистрибьюторлары.
Көтерме сатушылар негізінде бөлшек сауда кәсіпорындарымен сауда жасап, оларға толық қызмет жинағын ұсынады. Олардың бір бірінен негізгі айырмашылығы тауар ассортимент жинағының кеңдігі.

Аралас ассортимент көтермешілері. Кең аралас ассортиментті бөлшек саудашылардың да және қысқы мамандандырылған ассортиментті бөлшек сауда кәсіпорындарының да мұқтаждықтарын қанағаттандырумен айналысады.

Кең емес қаныққан ассортименті көтермешілер тауарлардың бір не екі ассортиментті тауар топтарымен айналысады. Бұл ассортимент өте терең қаныққан түрде болуы керек. Негізгі мысал ретінде техника тауарларын, дәрілерді, киімдерді, көтерме саудашыларды келтіруге болады.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметі барысында өздерінін өндірген дайын бұйымдары, сату үшін сатып алған тауарлары, сатьш алған бірак әзірге ұйымға келіп түспеген тауарлары (жолдағы тауарлар), аяқталмаған өндіріс, басқаларға көрсеткен қызметтері, сондай-ақ жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету барысында пайдалануға арналған косалқы бөлшектері, отыңдары, ыдыс және ыдыстық материалдары, жартьшай фабрикаттар және басқа да материалдары сол ұйымның тауарлық-материалдық қоры түріндегі ағымдағы активі болып табылады.

Олардың өндіріс құралдарынан өзін еңбек заттары өндірісте пайдаланылған кезде өздерінің бастапқы құнын түгелдей өндірілетін өнімге ауыстырады. Шығарылатын өнімнің, атқарылатын жұмыстың өзіндік құнының көп бөлігі еңбек заттарының құнынан тұрады. Сонымен қатар еңбек заттары өндірістік кор больш табылады.

Тауарлар есебін дұрыс ұйымдастыру үшін тауарлардың номенклатуралық тізімі мен баға көрсеткішін дайындаған дұрыс. Тауарлардың номенклатурасы деп өндірісте пайдаланатын тауарлардың белгілі бір түрлеріне олардың аты, сапасы, мөлшері тағы да басқа көрсеткіштері бойынша жасалған жіктеу тізімін айтады. Номенклатуралық тізімде әр тауарлардың дұрыс аты, оған берілген номенклатуралық нөмірі мен өлшем бірлігі көрсетіледі. Сонымен қатар номенклатуралардың тізімде әрбір тауардың бухгалтерлік есепте есептелетін бағасы көрсетіледі. Сондықтан, номенклатуралық тізімді номенклатуралық баға көрсеткіші деп те атайды. Кәсіпорындар мен ұйымдарда пайдаланатын тауарлар номенклатуралық тізімде, әдетте белгілі бір өздерінің топтары бойынша және ішкі топтары аттары, сапалары немесе мөлшерлері бойынша жіктеліп көрсетілуі тиіс. Әрбір топқа тиісті сан жүйесі яғни шифр белгіленеді. Шифр жүйесіндегі санның, бөлшек саны, әр бір топқа жататын тауарлар санына байланысты. Тауарларға беріпген шифрлар бұл тауарлар жазылған алғашқы құжаттарда, есеп тіркелімдерінде және әр түрлі кестелерде көрсетілетін болғандықтан, есеп қызметінің жұмысын жетілдіру үшін сан жүйесінің (шифрлардың) және оның цифрларының аз болуы ыңғайлы әрі дұрыс болады [1]. Тауарларға шифрлар тағайындағанда сол шифрдан тауарлың қай шотқа, сондай-ақ қандай аралық шотқа жататынын көрсететіндей етіп тағайындау керек. Тауарлардың номенклатуралық нөмірін жеті цифрдан құрастыру ыңғайлы болып табылады. Оның алдыңғы үш цифры шоттың келесі екі цифры қай топқа жататынын көрсетсе, соңғы екі цифры тауарлардың осы топ ішіндегі реттік санын көрсетеді. Номенклатуралық нөмірді бес саннан да құрастыруға болады. Ол жағдайда оның алдынғы бірінші цифры шоттың келесі екі цифры қай топқа жататынын, ал соңғы екі цифры тауарлың топ ішіндегі реттік санын керсететіндей болып тағайындалуы керек. Номенклатуралық баға көрсеткіштерінде тауарлар өздерінің статистикалың есеп берудегі қаралған

тізімдердегі тәртібі бойынша топталғаны дұрыс. Номенклатуралық тізімде тауарлың әр тобы бойынша жаңадан алынатын тауарларга бос орын және реттіксан қалдырылады. Егер бағаларында көп айырмашылық болмаса бір номенклатуралық нөмірге түрлері бір тектес, бірақ бағасы мен сортында аздап айырмашылығы бар тауарларды біріктіруге болады. Бұл жағдайда олардың есептеу бағасы орташа багаға сәйкес тағайындалады. Тауарларға қойылатын номенклатуралық нөмірі, өлшем бірлігі ол тауарлың барлық кірісшығыс құжаттарында, қоймадағы есеп карточкасында және тауарлық есеп беруде көрсетіледі. Егер ұйымдарға кейбір тауарлар басқа өлшем бірлігімен келіп түссе, ондай тауарлар номенклатуралық нөмірде көрсетілген өлшем бірлігі бойынша қайтадан саналып кіріске алынады. Тауарлардың номенклатуралық баға көрсеткіші, әсіресе тауарлар есебін жедел қалдық тәсілін қолдану арқылы жүргізгенде өте тиімді.

Қазакстан Республикасында осы күнгі қолданылып жүрген ереже бойынша кәсіпорындар жылына кем дегенде бір рет өздерінің меншігіндегі тауарлық қорларына түгендеу жұмысын жүргізуі керек. Түгендеу жұмысы міндетті түрде мынадай жағдайда жүргізіледі:

• Жылдық есеп беру (жыл аяғында) алдында ауысыммен жұмыс істейтін қайта өндіруші ұйымдар, сондай-ақ дайындаушы және басқа да ұйымдар тауарлар мен шикізаттарға олардың қалдығының азайған кезінде түгендеу жұмысын жүргізе алады.

• Тауарлық қорларды міндетті түрде түгендеу тауарларға жауапты адамның ауысуына байланысты, ұрлық және қиянат жасалғанда, сондай-ақ тауарлық қорлар бұзылғанда, табиғи апат, өрт болғанда, ұйым таратылғанда (қайта құрылғанда) тағы да басқа жағдайларда жүргізіледі.

Түгендеу жүргізу үшін кәсіпорын басшысының бұйрығымен орталық түгендеу комиссиясы құрылады. Бұл комиссияны кәсіпорын басшысы немесе оның орынбасары басқарады. Сонымен қатар әрбір цех, бөлімше бойынша жергілікті түгендеу комиссиясы құрылады. Оның жұмысын орталық комиссия ұйымдастырып және басқарып отырады.

Кәсіпорын басшысының бұйрығымен түгендеу жүргізу оның басталуы және аяқталуы мерзіміне жауапты адам тағайындалады. Түгендеу жұмысы тауарларға жауапты адамның жауапкершілігіндегі тауарлардың түрлері және олардың сақтаулы тұрған жерлері бойынша жүргізіледі. Кәсіпорында сақталып тұрған, бірақ оның өз меншігіне жатпайтын яғни басқа ұйымдардың немесе жеке адамның тауарларында түгендеу керек [2].

Түгендеу бұл барлық тауарлардың әр қайсысын біртіндеп санап шығып, одан кейін тауарлардың нақтылы қалдығын бухгалтерлік баланстағы қалдығымен салыстыру. Түгендеу жұмысы тауарлардың түгел сақталуын қамтамасыз етудің басты құралы болып табылады. Жергілікті түгендеу комиссиясы тауарлардың қалдығын өлшеу және санау арқылы олардың сақталып тұрған жерлері және тауарларға жауапты адамдар бойынша түгендеу тізімін жазып кәсіпорынның бухгалтериясына тапсырады. Түгендеу тізіміне түгендеу комиссиясының барлық мүшелері қол қоюы тиіс. Басқа ұйымдардың немесе жеке адамның тауарлық игіліктеріне бөлек тізім жасалады. Ұйым бойынша түгендеу нәтижесін анықтау үшін салыстыру тізімдемесі жасалады. Салыстыру тізімдемесі түгендеу кезінде анықталған нақтылы қалдығы, оның

бухгалтерлік есептегі қалдығына сәйкес келмейтіні тауарлық қорлар бойынша жасалады. Салыстыру тізімдемесінде артық немесе кем шыққан тауардың бухгалтерлік есепте көрсетілген бағасымен есептеледі. Түгендеу комиссиясы барлық артық немесе кем шыққан тауарлар жөнінде оларға жауапты тиісті адамдардан жазбаша түсінік алуға тиіс. Ол жазбаша түсінік негізінде тұрақты жұмыс атқаратын түгендеу комиссиясы кем шыққан, жоғалған, бұзылған тауарлардың қандай себептен болғанын анықтайды және де келешекте қайталанбас үшін шара қолданады. Сондай-ақ комиссия түгендеу кезінде тауарлардың артық шығу себебін де анықтайды. Белгіленген кему мөлшері тек қана кем шыққан тауарларға ғана қолданылады. Егер кейбір тауарлар бойынша кему мөлшері бекітілмеген болса, онда ол тауарлардың кем шыққаны мөлшерден тыс болып саналады. Тауарлық қорлардың бекітілген мөлшерден артық кем шыққаны, сондай-ақ олардың бұзылуынан пайда болған шығын, кінәлі адамдардан өтелуі тиіс. Тауарлардың бекітілген табиғи кему мөлшерінен артық кем шығуы және олардың бүлінуіне байланысты шығын, егер оған кінәлі адам табылмаған жағдайда орталық комиссияның шешімімен кәсіпорынның шығындарына қосады [3]. Кей жағдайда тауарлардың артық шығуының себебі тауарлық корлардың, өндіріс шығындарының басынан қате есептелуі салдарынан болуы мүмкін. Ондай жағдайда тауарлық қорлардың құны өндіріс шығындарынан алып тасталған, қайтадан кіріске алады. Сондай-ақ қателіктен аттары, сорттары, өлшемдері алмасып кеткен тауарлардың өзара бірімен бірін жапқаннан шыққан сомалық айырмашылыққа да өндіріс шығындары азайтылады. Қателесіп алмасып кетуден артық немесе кем шыққан тауарлардың сандарын өзара жабуы тек осы тексеріліп жатқан мерзім аралығында алмасып кеткен және тек бір адамның өзінің жауапкершілігіндегі аттас тауарлар бойынша тепе-тең санға ғана рұқсат етіледі. Тауарларға жауапты адам тауарлардың өзара алмасып кетуінен артық немесе кем шыққаны жайлы толық түсінік беруге тиіс. Егер кем шыққан тауарларды артық шыққан тауарлар жапқан кезде, кем шыққан тауарлар құны артық шыққан тауарлардың құнынан көп болса, екеуінің арасындағы айырмашылық сомасын кінәлі адам төлеуі керек.

Кәсіпорындағы тауарлық қорларды түгендеу нәтижесі бухгалтерлік есепте түгендеудің біткен айында көрсетілуі тиіс.

Әдебиеттер:

1. Власова В.Ш., Бухгалтерский учет в торговле, Москва 1997.
2. Тяжких Д.С., «Бухгалтерский учет в торговле» Санкт –Петербург, 1998.
3. Радостовец В.В., Шмидт О.Т., Теория и отраслевые особенности бухгалтерского учета, Алматы 2000.